

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 5, Number 315 (2017), 134 – 139

УДК: 811.512.122'373

ZH.B. Ermekova¹, A.A. Khabyeva

¹candidate of philological sciences Institute of Linguistics the name of A.Baitursynov
j.ermekova@mail.ru;

²candidate of philological sciences Institute of Linguistics the name of A.Baitursynov
tibilimi@bk.ru

**LANGUAGE PICTURE OF THE WORLD
IN THE WORKS OF M. ZHUMABAYEV**

Abstract: The significance of this article is determined by the general direction of development of the anthropocentric paradigm in modern linguistics and actualization of the communicative potential of words due to personal, psychologically and socially, what makes a language picture of the world of the author of an art work individual, unique and deeply national.

The study of the language of the works of M. Zhumabayev is considered from the perspective of the theory of "linguistic personality" in which "language world picture" is presented through the national values of the author's knowledge of the world.

M.Zhumabaev is a national person, whose diastole shows a national thinking, specificity of the mental world and cultural-historical feature of ethnus.

Occasionally of expressive means and linguistic cultural units possessing a bright national-cultural backgroundactualize communicative and pragmatically potential of the linguistic personality of the poet.

Key words: language picture of the world, individual and national picture of the world, expressive means and cultural linguistic units of discourse of M.Zhumabayev.

Ж.Б. Ермекова¹, А.А. Хабиева²

¹филология ғылымдарының кандидаты А.Байтұрынұлы атындағы Тіл білімі институты;
¹филология ғылымдарының кандидаты А.Байтұрынұлы атындағы Тіл білімі институты

**М. ЖҰМАБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ
ҒАЛАМНЫҢ ТІЛДІК БЕЙНЕСІ**

Аннотация: Мақала маңыздылығыпәнаралық және антропоөзектік принциптерге негізделген лингвистикалық ғылымның қазіргі даму бағыты менжеке, әлеуметтік және ұлттық аспектілермен астасып жатқан көркем шығарма сөзінің коммуникативтік әлеуетінің өзектелуімен айшықталады.

М.Жұмабаев дискурсы «тілдік тұлға» теориясы тұрғысынан қаралып, оның тілдік тұлғасындағы ғаламның тілдік бейнесінің «ұлттық» және «жеке» сипаты зерделенеді.

Ақын шығармаларындағы ұлттық-мәдени ақпарат мазмұнын камтыған көріктеуіш құралдар мен лингвомәдени бірліктердің окказионалдық сипатытілдік бірліктердің экспрессивті және ассоциативті-бейнелі қырларын айқындай түсүімен ерекшеленіп, автордың тілдік тұлғасының прагматикасын көрсетеді.

Тірек сөздер: ғаламның тілдік бейнесі, ғаламның жеке және ұлттық бейнесі, М.Жұмабаев дискурсының көріктеу құралдары мен лингвомәдениеттану бірліктері.

Кіріспе. Адам өмір сүретін шынайы өмір адам санасында оны қоршаған заттар мен құбылыстар туралы жинақталған білімнен тұратын түсініктер жүйесі түрінде бейнеленіп, жеке адамның ойында өз тәжірибесі мен түйісінің нағызында, сонымен катар ұжымдық тәжірибелінің эсері нағызында қалыптасқан ғалам бейнесі түрінде көрініс табады. Ғалам бейнесі – адамның танымдық қызметтінің нағызын, қылыштың нағызын, әкыл-парасатының

өнімі. Адам санасындағы ғалам бейнесі шындығына келгенде оны қоршаған әлемнің өте онды, идеалды бейнесі болып табылады.

Зерттеушілер адамның қоршаған дүниен тануының екі маңызды тәсілін беліп көрсетеді: 1) адамның күнделікті тәжірибесі мен қайта жасакталып отыратын қызметтінің әртүрлі түрлерінің нәтижесінде қалыпты, саналы, эмоционалдық танымы барысында актуалданатын ғалам; 2) шынайы болмыстың бейнеленуі мен ғылыми таным барысында қалыптасқан ғалам. Бұл екеуіне пәк ғалам бейнесі мен ғылыми ғалам бейнесі сәйкес келеді. Сонымен, «ғалам бейнесі» ұғымының негізін адамның дүние туралы түсініктерін зерттеу құрайды.

Зерттеу әдісі. Жұмыста сипаттау, талдау (лексика-семантикалық, контексттік), қорыту әдістері қолданылды.

Негізгі болім. «Ғалам бейнесі» терминінің тіл білімінде пайда болуына «тілдегі адам» мәселесіне бетбұрыс себепкер болды.

«Ғалам бейнесі» термині алғаш рет 19-шы ғасырдың аяғы мен 20-шы ғасырдың басында физика ғылымы шенберінде сыртқы заттардың іс-әрекетіне қатысты мағлұматтар алуға болатын, олардың (сыртқы заттардың) ішкі бейнерерінің жиынтығы ретінде түсіндірілетін физикалық ғалам бейнесіне қатысты қолданылған болатын. Жалпы ғалам бейнесі мен оның ғылыми, философиялық және т.б. түрлерін қайта жасақтау қажеттілігі мен мүмкіндіктері туралы пікірлер соңғы кездері айтылып жүргенімен, ғылыми-философиялық мәселе ретінде ерекше тілдік дүниетанымның барлығы туралы ойды В. фон Гумбольдт 19-шы ғасырдың басында-ақ айтқан болатын. Ал 20-шы ғасырда ғаламның тілдік бейнесін (тілдік дүниетанымды) зерттеу лингвистикалық салыстырмалылық гипотезасы шенберінде (Л. Вайсгербер, Э. Сепир, Б. Уорф және т.б.) жүзеге асырылды.

Ғалам бейнесінің қалыптасуының тілсіз жүзеге асуы мүмкін емес, себебі тіл адамның ішкі әлемі мен сыртқы дүниені байланыстыруши болып табылады, адам дүниені кабылдауы барысындағы танымдық қызметтінің нәтижелерін тілде бекітіп отырады. Әрбір тілдің өзіндік концептуалдану тәсілі болады, сол арқылы әр тілдің өзіндік ғалам бейнесі жасалады. Тілдік тұлға сол бейнеге сәйкес өз айтылымдарын үйімдастыруға міндетті. Осы арқылы тілде бекітілген адамның өзіндік дүниені қабылдауы айқындалады.

Тілдік тұлғаны зерттеу барысында міндетті түрде адам және оны қоршаған дүние туралы түсініктердің жиынтығы ретінде ғаламның тілдік бейнесі қарастырылады. Ю.Н. Карапулов «ғаламның тілдік бейнесін нақты тілдің толық жиынтықта алынған барлық концептуалдық мазмұны» [1,246-б.] ретінде қарастырады. Соңғы кездегі энциклопедияларда берілетін түсінікке келсек: «Ғаламның тілдік бейнесі нақты тілдік ұжымның дағдылы санасында тарихи қалыптасқан және тілінде бейнеленетін ғалам туралы түсініктердің жиынтығы, шындық болмысты концептуалданырудың белгілі бір тәсілі» [2], – болып шығады.

Ғаламның тілдік бейнесі тіл туралы біліммен қатар ғаламның концептуалдық бейнесінің мазмұнын таза тілдік құралдардың көмегімен толықтыратын ақпаратты да сактайды. «Ғалам туралы білім деп атауға болатын ғалам бейнесі жеке және қоғамдық сананың негізінде жатыр. Тіл өз кезегінде танымдық процестің талаптарын орындаиды. Ғаламның концептуалдық бейнесі әртүрлі адамдарда, мысалы әртүрлі заман, әртүрлі әлеуметтік, жас топтары, ғылыми білімнің әртүрлі салалары өкілдерінде әрқылы болуы мүмкін. Әртүрлі тілде сөйлеуіш адамдарда белгілі бір жағдайларда ұқсас немесе бір тілде сөйлейтін адамдарда әрқылы ғаламның концептуалдық бейнесі болуы мүмкін. Олай болса, ғаламның концептуалдық бейнесінде жалпы адамзаттық, ұлттық және жекелік бастамалар өзара қарым-қатынаста болады» [3,67-б.].

Професор Н. Үәли дүниенің концептуалды бейнесі негіздерін атап көрсетеді: «Тілдік бейне түріндегі концептуалды жүйе этностиң заттық, мәдени тәжірибесіне тәуелді. Дүниенің концептуалды бейнесі логикалық-прагматикалық позитивтік танымға, әлеуметтік тәжірибеге негізделеді. Концептуалды бейне дүниенің тілдік бейнесінің бір белгілі болып табылады. Дүниенің тілдік бейнесінде мифологиялық, діни, логикалық-позитивтік танымның бәрі де болады» [4,18-б.].

Зерттеуші Б.И. Нұрдаулетова: «Ғалам бейнесі – әрі философиялық, әрі филологиялық ұғым ретінде кеңірек көлемде қарастыруға тұратын категория болғандықтан, белгілі бір ұлттың деңгейіндегі ғаламның тілдік бейнесін жалпы адамзат танымындағы әлем моделімен және ғаламның тұтас концептуалдық бейнесімен бірлікте қарастыру қажет» [5,64-б.], – деп санайды.

Зерттеушілердің ойынша, ғаламның тілдік бейнесі мен ғаламның концептуалдық бейнесі арасында тенденциялық белгісін қоюға болмайды. Ғаламның тілдік бейнесі – ғаламның концептуалдық бейнесінің вербалдануы. Ғаламның концептуалды бейнесі – жеке адамның қызметтінде белсенді түрде көрініс табатын объектілер туралы ақпараттар жүйесі.

Ғаламның тілдік бейнесі ұжымдық философия, көзқарастар жүйесі болуымен қатар бір жағынан әмбебап, екінші жағынан ұлттық, жекелік өзгешеліктермен боялады. Ұлттық атауы ұлт ұғымымен байланысты мәселелерге жан-жақты келуді қажет етеді. Ондай мәселелердің қатарына ұлттық діл мәселесі де кіреді. Ұлттық діл «белгілі бір халық өкілдерінің ғаламдық бейнесінде жалпы орын алатын, тұрақты болып табылатын, қайталанып отыратын» [6,11-б.] ғаламның ұлттық бейнесінің жасалуының құралы болып табылады. Бұндай ғалам бейнесі шындық болмысты тану мен бейнелеу барысында пайда болады.

Ғалым В.А.Маслова адамды ұлттық діл мен тілді тұтынушы ретінде қарастыратындығын айта келіп: «Тіл – бізден жасырын тұрған діл сферасына кіруге көмектесуге қабілетті жалғыз құрал, ейткені ол әлемнің қандай да бір мәдениетке мүшелену тәсілін айқындаиды. Ол бізге адам туралы, тіпті, оның өзі аңғармайтын нәрселерді де айтып береді» [3,114-б.] – дейді. Діл жеке тұлғаның өзі жататын ұжымға, ортага, ұлтқа тән құндылықтарды, түсініктерді, мақсаттарды ортак нәрсе ретінде қабылдап, жасайтын ғалам бейнесі түрінде айқындалады. Ол жеке адамның «дүниен тану тәсілін» анықтайды, бірақ жеке адам бұл ықпалды сезінбейді, керісінше оны ақиқат ретінде қабылдайды.

Ғаламның ұлттық бейнесі туралы зерттеушілер пікірлері, мынандай қорытындыға алып келеді: ғаламның ұлттық бейнесі халықтың ойлау, таным қызметінде, оның физикалық және вербалдық мінез-құлқында көрініс табатын танымдық-психологиялық шындық. Өз ділі арқылы белгілі бір қауым және оны құрайтын жеке адамдар шындық болмысты бағалап танып, нәтижесінде өзінің ғалам бейнесін жасайды. Ұлттық ділі, тарихы, дәстүрі, ұрпактар сабактастығы арқылы жалғаскан ғалам бейнесі адам санасында өмір сүреді. Себебі, «сана – бүкіл этностың, әлеуметтің ғасырлар бойы жасаған ой еңбегінің нәтижесі» [7, 19-б.]. Демек, сол сана да сакталған ғалам бейнесі кейін белгілі бір таңбалар жүйесі арқылы, алдымен ұлттық тіл мен көркем шығармашылық арқылы заттанады. Соңдықтан да ұлттық діл қызметінің өзіндік нәтижесі, яғни ғаламның ұлттық бейнесін бейнелейтін көркем шығармаларды талдау сол ұлттық түсінуге айтарлықтай ықпал етері сөзсіз.

М.Жұмабаевтың «Мен кім?» өлеңінен ескі дүниеге қарсы құрес майданына шыққан, жаңа өмірге құлаш ұрған, мақсаты биік, сенімі берік, өршіл ақынның қуатты, құдіретті тұлғасын көреміз. Ақынның лирикалық кейіпкері – аса батыл, нені болса да кесіп айтатын өткір жан: *Арыстанмын, айбатыма кім шыдар?* Жолбарыстын, маган қарсы кім тұрап? Қекте – Күнмін, көңке нұрым шашамын, Қоңылге алсан, қазір гарышқа асамын. Шеті, тұби жақ тәңізбін қарақөк, Ерігемін – толқып, шалқып, тасамын. Жалынмын мен, келме жақын, жанарсың, Тұлтармын мен, шаңыма ермей қаларсың. Өзім – патша, өзім – қазы, өзім – би, Қандай ессіз не қылдың деп тергейді? – делінетін «Мен кім?» деген өлеңінде риторикалық сұрақ қойылып, оған қазақи болмысқа, ұлттық танымға тән батылдық бейнесі білдіретін образдармен *арыстанмын*, жолбарыстын, тұлтармын деп жауап беріп, өзінің лирикалық кейіпкерінің дөл осындағы айбатты да қайратты, адап да қайсар бейнесін ашып береді. Ақынның күнмін, жалынмын, тәңізбін деген суреттеулерінен көне замандардағы түркі халықтарының дүниетанымындағы белгілерді көреміз. Қазақ халқы киіз үйінің есігі күншығыска қаратып тігіп, күннің жарығы мен жылуын жақсылықтың белгісі деп бағалап, Отқа, Сұға табынған. Ақынның «мені» өзін көктегі құшке, тұпсіз тенізге, қызуы мол жалынға, жүйрік тұлпарға тенейді. Патшадай қаһарлы, казыдай әділ, бидей шешен де өзі. Осындағы қазы, би-қазақ халқының ұлттық танымына тән лингвомәдени бірліктер. М.Жұмабаев осының барлығын бір өлен шенберінде бірліктіріп, өз ұлттының қастерлейтін бейнелеріне сол ұлттының қасиетін сиғызған.

Ұлттық-мәдени тиесілілік адамның тұракты қасиеті болып табылып, оны белгілі бір ұлттың өкілі ретінде сипаттайтын. Адам тұлғасы қалыптасатын әлеуметтік орта ретіндегі ұлттық мәдениеттің адамға деген ықпалы оның тілдік әрекетінің ұлттық-мәдени өзіндік ерекшелігінде айқындалатын іс-әрекеті мен ойлауында ұлттық өзгешеліктің қалыптасуын қамтамасыз етеді. Мәтінді жасаушының тілдік әрекеті әрқайсысы қандай да бір ойды бейнелеу үшін тілдік жүйенің әртүрлі мүмкін варианттары арасынан белгілі бір тілдік бірліктерді жеке таңдауы болып табылатын тілдік әрекеттерінің жиынтығы түрінде ұғынылады. Тұлғаның жасаған мәтінінде белгілі бір бірліктердің таңдалынып алынып басқаларға қарағанда жиі қайталануы, әдетте, оның жеке қасиеттерін дәлелдейді. Әрбір жеке адамның тілдік тәжірибесі бірегей болғанымен, оның қалыптасуы қоршаған қоғаммен тұракты қарым-қатынас барысында жүзеге асады. Мәтінді жасаушының тілдік тәжірибесінде және сонымен бірге оның тілдік әрекетінде бейнеленетін жекелік тілдік ерекшеліктердің пайда болуы адамның белгілі бір макросоциумға (макросоциум ретінде мемлекет немесе ұлт түсініледі) сонымен қатар микросоциумға (әлеуметтік топқа) жататындығымен анықталады[8,10-б.].

Осындағы өлшемдер тұрғысынан белгіленетін талаптар үздісіне толық жауап беретін М.Жұмабаев – ұлттық тілдік тұлға. Тұлға тіліндегі ұлттық ерекшелікті танытатын жеке ғаламдық тілдік бейнесінде берілу көрінісін саралау арқылы оның тілдік тұлғасының ұлттық болмысын тануға болатыны белгілі. Мысалы, М.Жұмабаев дискурсындағы тенеулер ойға келмейтін әртүрлі заттар мен құбыльстарды бір-біріне тосын тенеуімен ерекшеленеді. Мысалы, «ұрышықа оралған жіптей бас-аяғы жақ қыстың ұзын кеші еді». Бұл жердегі ұрышық лексемасының тұра мағынасы – «жіп иіруге арналған құрал» дегенді білдіретін лингвомәдени бірлік. Бірақ бұл сөйлемнің құрамында ол өзіндік мағынасынан тыс көркем контекстке сай түсініліп, ұлттық адресаттың санасында бұрыннан таныс ұрышықа оралған жіптің суреті жаңғыртылуы арқылы қысқы кештің қаншалықты ұзак болатындығы ұғынылады.

Ойлау категориясының барлық адамдарға ортақтығына қарамастан белгілі бір жеке адамда қоршаған әлем бейнесі оның жеке тәжірибесінің, психологиялық және физиологиялық ерекшеліктерінің негізінде қалыптасқан жеке санасты арқылы етеді. «Ойлау мен сөйлеу жеке, сана мен тіл жалпы болатыны сондықтан» [7,19-б.]. Дегенмен, жеке адам өмір сүретін қоғамда қоғамдық сана мен ортақ тіл қалыптасқандықтан жеке

дүниетаным қоғамдық дүниетаным мен тілдің құрамас бөлігіне енуге мәжбүр болады. «Әркім өзінше ойлап, өзінше сөйлеуі мүмкін, бірақ мұның бәрі жалпы тіл (ұлт тілі) мен жалпы сананы (ұлттық сана) құрайды. Сана – инвариант, ойлау – вариант болатыны сияқты, тіл – инвариант, сөйлеу – вариант болады. Сол сананы жеке адам ойына көшіру тіл (сөйленім) арқылы жүзеге асады»[7,19-б]. Яғни тілдік тұлға өз әлемін мәтіндерді жасау арқылы жүзеге асырады. Сондыктан да тұлғаның жасаған мәтіндері оның ішкі дүниесінің субъективті бейнесін танудың құралы болып табылып, тұлғаның тілдік қызметінің нәтижесі арқылы оның ғалам бейнесін суреттеуге мүмкіндік туады. Бұл тұрғыда жазушылар мен ақындардың авторлық ғаламдық бейнесін зерттеу арқылы олардың шығармаларының көркем әлемін тану зор нәтиже береді.

Көркем шығарманың авторы ғаламды өзіндік көрүі мен белгілі бір уәждік ұстанымдары себепші болған идиостилі арқылы өзін көрсетеді. «Жеке ғаламның тілдік бейнесі ретінде белгілі бір тарихи кезеңде тіл құралдары арқылы бейнеленетін адамның санасында концептілер жүйесі түрінде көрініс тапқан ғалам моделін түсініміз» [5,43-б]. Тұлғаның концептілік өрісі жеке ғалам бейнесінің нақты жүзеге асуы болып табылады. Көркем шығарма арқылы көрінестін ғаламның көркем бейнесі сол шығарманы қабылдаушының санасында пайда болатын ғаламның тілдік бейнесі сияқты ғаламның қайталама бейнесі. Көркем мәтіндердің ғалам бейнесі сол шығарманы жасаушының жеке ғаламдық бейнесін бейнелеп, тілдік құралдар, көркемдеу құралдары, автордың жеке қолданысындағы тілдік бірліктер және т.б. арқылы іске асады. Ғаламның көркем бейнесінде сол шығарма авторының дүниені қабылдаудына тән жеке концептілер болуы мүмкін, сол себептен де тіл бұл жерде көркем шығарманы жасаушының ғалам бейнесін бейнелейтін ғаламның қайталама бейнесін жасаудың құралы ретінде көрініс табады.

Ғаламның көркем бейнесінде ғаламның ұлттық бейнесінің ерекшеліктері, яғни ұлттық символдар, ұлттық концептілер де бейнеленеді. Көркем шығарманың мәтінінде сөз шеберінің шындық болмысты қабылдауды мен бағалауды бейнеленіп, сол болмыска өзіндік түсінік беріп, көркемдеу құралдары арқылы қайта жаңғыратады. Ғаламның көркем бейнесін жеке санада қандай да бір түрде көрініс тапқан ерекше когнитивтік құрылымдардың жиынтығы ретінде қарастыруға негіз бар. Бұл қосынды, яғни жиынтық дұрысында көркем концепт болып табылады. Осылайша, ұлттық тілдің өзгешелігін бейнелейтін ғаламның көркем бейнесінің өзі концептіленген көркем кеңістік ретінде қарастырылуы мүмкін.

Ақын-жазушылардың шығармашылығында ғаламның көркем бейнесі жекелік сипатка ие болып, өзіндік реңкке ие болғанымен, олардың шығармашылығында пайда болатын ғалам бейнесінің негізгі сипаттамалары ұлттық сананың жалпы қасиеттерін бейнелейді. Ғаламның тілдік бейнесі сияқты көркем әдебиеттегі ұлттық ғалам бейнесі ұлт ділінің вербалды бейнеленіп болып табылады.

Кезкелген табиғи тіл дүниені қабылдаудың белгілі бір тәсілін бейнелейді. Тұған тілді толыққанды игеру, яғни оны жан-жақты білу сол тілде бейнеленген әлемнің қабылдану тәсілін мәнгеру, көру, сезіну деген сөз. Белгілі бір ұлттың тіліндегі әртүрлі сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасына сиғызылған дүние туралы түсініктердің жиынтығы сол тілде сөйлеушілерге ортақ көзқарастар жүйесіне топтастырылады. Тұған тілдегі сөздер мағынасына сиғызылған идеялардың үйлесімділігі сол тілде сөйлеуші үшін өзінен өзі бар нәрсе сияқты, жалпы өмірдің өзінде солай қалыптасқан сияқты болып көрініп мүмкін. Бірақ әртүрлі ғаламның тілдік бейнелерін салыстыру барысында олардың арасында едоғыр айырмашылық бар екендігіне көз жеткіземіз. Қандай да бір ғаламның тілдік бейнесін жасау суреттелетін тілдің мазмұндық жағын толық қамту негізінде жүзеге асырылады.

Кез келген тіл көпденгейлі құрылым, ол әрқайсысы өзінің ғалам бейнесінен тұратын жүйелерді қамтиды. Бірақ ең көп «дүниетанушылық» мүмкіндіктерге тілдің лексикалық жүйесі ие. Креативті лексикалық құрамды талдау сол халықтың немесе жеке адамның ғаламдық бейнесінің ерекшеліктері туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Мысалы, метафора тілдің лексикалық жүйесінің семантикалық әлеуетінің дамуын көрсетуде маңызды рөл аткарады, себебі ол сөздің жаңа мағынасының пайда болуының қайнаркөзі болып табылады. Әмбебап семантикалық процестер қатарына кіретін метафоралар, біріншіден, жалпыадамзаттық ойлау заңдылықтарына негізделсе, екіншіден, әрбір тілде сол тілдің өзіндік ерекшелік теріне сай айқындалады.

Көріктеу құралдарының сөздің жаңа ауыспалы мағынасын жасау мүмкіндігі өте зор. Бұндай жағдайда бар мәселе автордың жаңа тосыннан күтпегенсалыстырулар табу шеберлігіне байланысты. Көптеген зерттеушілердің пайымдары бойынша балау(метафора) басты көріктеу құралы болып саналады. Көркем тілдің негізгі екі семантикалық қасиеті – тапқырлық пен тұспалдалған айту метафораның көркем тілдегі ерекше когнитивтік рөлін айқындаиды. Коршаған болмыс туралы білімдерді белгілі бір белгілер бойынша реттеу немесе метафораландыру категорияландырудың аса кең таралған түрлерінің бірі болып табылады.

Ақын-жазушылар көркем шығармаларында көріктеу құралдарын тосын көркем образдар, ерекше экспрессияға құрылған сюжеттер жасау үшін қолданады. Ақын-жазушылар шығармаларындағы метафораларды «танымдық, эвристикалық сипат тудыру тұрғысынан дүние бейнесін танытудағы ерекше қасиеттер» [9,91-б.] ретінде, «тілдік тұлғасын сомдай түсетін негізгі көріктеу құралы» [10,37-б.] сипатында, «метафораны

символмен байланыста қарастыру»[11,16-б.] арқылы, «ақынның айттар ойын образды жеткізуге қызмет аткаратын тілдік құрал»[12,18-б.] ретінде саралаш соңғы кездері жарық көрген көптеген ғылыми зерттеу жұмыстары мен макалаларда көнінен орын алған.

Метафораландыру адамның ассоциациялау, салыстыру қабілетіне негізделеді және бұндай салыстыру адамның білімі мен ойлау көлемінің деңгейіне сәйкес жүзеге асырылады. Метафора концептуалданызыру процестерімен, тілді тұтынушылардың бағалау жүйелерімен, дүние туралы түсіністерімен, сонымен бірге олардың әртүрлі объектілер топтары арасында ұқсастық таба бұлу қабілеттерімен тікелей байланысты.

Авторлық метафоралар оны жасаудың ерекше поэтикалық, философиялық ойлау қабілеті тән тілдік тұлға ретінде танытады. Философиялық толғаныс пен көркемдік қызмет адам мен оны қоршаған әлемнің болмысын ерекше ұғынумен байланысты. Бұндай ұғыну барысында қалыпты құбылыстар жаңаша қабылданып, өзгеше ренкке ие болады. Мысалы, М.Жұмабаев дискурсындағы авторлық метафора: «*өмір – бір құрулы машина*». Автор танымында өмір – дөңгелегі, басқа да бөлшектері бар қондырығы. Ол аямайды, қайырылмайды. Себебі – жансыз. Бұндай балау станоктың жұмыс істеу қалпын өмірдің, заманның үрдісімен салыстыра қарауға мүмкіндік береді: *Өмір тоқтау білмейтін, шаршау білмейтін жансыз машина*. Әлдекімнің жас орнына қан жылаганын, әлдекімнің үміті өшіп, гүлі солыт жасатқанын, дөңгелектің арасында әлдекімнің қолы, аяғы, басы – барлық денесі кеткенін, денесі ғана емес, жасы, жүргегі кеткенін негұлсын?! Қайырылып қарау білмейтін, аяу білмейтін өмір Шолтанның да жүргегінен саулап ақжан қанына, қанаты сынып өліп бар жасатқан жасына, кідіріп, бұрылып қараган жоқ.

Ақынның индивидуалдық танымының жемісі болып табылатын тағы бір метафора – «*Өмір – шірік шөп*» метафорасы. Жақсы, өмір шөпке тензеле қойсын, себебі басы, аяқталу кезеңін ұқсастыруға болады, сонымен бірге өсу функциясы өмірдің үдемелі өзгерісін бейнелейді. Ал неге шірік?

«Тәңірі» де жоқ, «тәубе» жоқ,

Жаңым қалай тазарсын?

Тұрмыста нәпсіз сәуле жоқ,

«Тәңірі» де жоқ, «тәубе» жоқ,

Өмір деген – шірік шөп,

Қай үміттен қазарсың?

Шірік болатын себебі: тәубесіз адам баласын, Құдайын ұмытып, харам іс қылады. Басына айналып келерін ойламай, сатқындық, азғындық жасайды. Барға қанағат қылмай, ашқөзденіп тәубесін ұмытады. Ондайлардың өмірі, ақын ойынша –*шірік*.

Өмір – сағым,

Сен, қарагым, сағым қу,

Сағым сүмен, алтын бұмен жасың қсу.

Бұнда *сағым* лексемасы елестету, қиялдау мағынасында қолданылып тұр. Өзі айтқандай «*Қиял құлыш*» ақынның *сағым* қу дегендегі мақсаты: катып қалған бір пікір жоқ, елестету арқылы ойланып, әртүрлі әдіс тауып, тығырыктан шыға біл – деуді көздейді.

Ақын – бөбек, өмір – көбік, тылсым-ды,

Ойнап, арбан, бөбекті естен тандырған.

«Ақын – бала», «акын – бөбек» деп балаға, бөбекке балап, өмірді көбік сияқты тез жарылып кететін баянсыз тұрпатын, оның сыры белгісіз тылсымдығын көрсетіп тұр.

Өмір – үйлақ,

Үміт – құрақ,

Жүзейін деп түсемін,

Өмір – құрақ,

Үміт жырақ,

Үшемін де өлем!

«*Өмір – құрақ*» метафорасын ашу үшін алдымен үміт лексемасының параллель қолдану мәнін түсінү керек. Ақын тілінде *үміт* сөзі ерекше мәнге ие, тіпті үміт өлсө, өмір де бірге өледі. Үмітсіз адам болмайды. Қиналаса да, торықса да, алдан жақсылық қүтіп үміттенеді. Үміт өлген кезде өмір де құрактың ұстасаң қол қиятыны сияқты адам өмірі де қиылады.

М.Жұмабаев қарапайым сөздері поэтикалық тілде түрлендіріп қолдану арқылы бірегей көркем әлем жасайды. Бұл ақынның ассоциациялық образ жасау қабілетінің құштілігін көрсетіп, ғаламдық тілдік бейнесін береді. Ақынның поэзия тіліндегі «*өмір*» лексемасының баламалану ретіне назар аударсак, дәстүрлі, жалпыға белгілі ұқсатуармен қатар жаңа өзіндік мәнерде қолданыс тапканын көреміз.

Қорытынды. Сонымен, ғаламның тілдік бейнесі шынайы болмыс пен адамның танымы арасындағы аралық болып табылып, тілдік жүйе мен оның бірліктері арқылы бейнеленеді. Қоғамдық сана, дәстүр жеке тұлғаның санасына әсер етеді. Әртүрлі халықтардың ғаламдық бейнелеріндегі айырмашылық шынайы

болмысты әртүрлі қабылдауында, яғни сол ұлттық дәстүрде қалыптаскан, көбінесе, лексика саласында көрініс табатын стереотиптердің, ұлттық ділге сай ассоциативтердің, ұқсатулардың әртүрлігінде жатыр.

Адамның дүниемен байланысы барысында пайда болған өмірлік тәжірибеге негізделген оның санаасындағы ғалам бейнесі сыртқы дүниенің идеалды бейнесі түрінде көрініс табады. Қоршаган дүние туралы түсініктің қалыптасуы адамның сол өзін қоршаган дүниедегі өз орынін сезінуімен, өзіндік «менін» ұғынумен байланысты. Сол себепті де әр кезең адамдарының ғалам бейнесі әртүрлі болып өзгеріп отырады. Дегенмен, ғалам бейнесі өзінің даму кезеңінде көпшілікке ортақ болып табылатын түсініктерді тұтынады.

ӘДЕБІЕТ

- [1] Караулов Ю.Н. Общая и русская идеография. – М.: Наука, 1976.
- [2] Энциклопедия. – 2000-2008. – ООО Krugosvet // www.krugosvet.ru.
- [3] Маслова В.А. Лингвокультурология. – М.: Академия, 2001. – 208 с.
- [4] Ұәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол. ғыл. докт. ... автореф. – Алматы, 2007. – 56 б.
- [5] Нұрдәүлетова Б.И. Жыраулар поэтикасындағы дүниенін концептуалдық бейнесі: филол. ғыл. докт. ... дисс. – Алматы, 2008. – 328 б.
- [6] Попова З.Д., Стернин И.А. Язык и сознание: теоретические разграничения и понятийный аппарат // Язык и национальное сознание. Вопросы теории и методологии. – Воронеж: ВГУ, 2002. – С.8-50.
- [7] Құдеринова Қ. Қазақ жазуының теориялық негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 276 б.
- [8] Журавлєв В.К. Внешние и внутренние факторы языковой эволюции. – М.: Наука, 1982. – 328с.
- [9] Әмірбекова А. Б. Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшелігі(М.Макатаев поэзиясы бойынша): филол. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 2006. – 106 б.
- [10] Қожахметова Ф.Б. Тұрмагамбет Ізтілеуов тілдік тұлғасының дискурстық сипаты: филол. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 2004. – 124 б.
- [11] Қайырбаева Қ.Т. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың символдық мәні: филол. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2004. – 29 б.
- [12] Османова З.Ж. И.Жансұтіров поэзиясы тілінің көркемдік ерекшеліктері: филол. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2004. – 25 б.

Ж.Б. Ермекова, А.А. Хабиева

кандидат филологических наук Институт языкоznания имени А.Байтурсынова;
кандидат филологических наук Институт языкоznания имени А.Байтурсынова

ЯЗЫКОВАЯ КАРТИНА МИРА В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ М.ЖУМАБАЕВА

Аннотация. Значимость данной статьи определяется общим направлением развития антропоцентристической парадигмы в современной лингвистике и актуализацией коммуникативного потенциала слова, обусловленных личностно, психологически и социально, что делает языковую картину мира автора художественного произведения индивидуальной, неповторимой и глубоко национальной.

Исследование языка произведений М.Жумабаева рассматривается в аспекте теории «языковая личность», в рамках которого «языковая картина мира» представлена через национальные ценности автора в познании мира.

М.Жумабаев – это национальная личность, идиостиль которой отражает национальный склад мышления, специфику ментального мира и культурно-историческую особенность этноса.

Окказионализм выразительных средств и лингвокультурологических единиц, обладающих ярким национально-культурным фоном, актуализируют коммуникативный и прагматический потенциал языковой личности поэта.

Ключевые слова: языковая картина мира, индивидуальная и национальная картина мира, выразительные средства и лингвокультурологические единицы дискурса М.Жумабаева.